

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақмола облысы бойынша филиалының Степногорск қалалық Тіркеу және жер кадастры бөлімі

ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ 2021 ж. «16» қаңтар ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 08 01940 18158
№ 855-1802-16-КАД - МК

Бастапқы тіркеу күні
20 ж. « 30 » қаңтар



Ақмола облысы әкімдігінің
2021 жылғы 5 қаңтардағы
№ А-1/2 қаулысымен
бекітілген



«Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімінің жанындағы Степногорск қаласының «Еркетай» № 5 балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелер

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімінің жанындағы Степногорск қаласының «Еркетай» № 5 балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорынның құрылтайшысы Ақмола облысының әкімдігі болып табылады.

3. «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган (бұдан әрі - тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

4. Кәсіпорынның атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімінің жанындағы Степногорск қаласының «Еркетай» № 5 балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

5. Кәсіпорынның орналасқан жері: 021500 индексі, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Степногорск қаласы, 6-шағын аудан, № 5- гимарат.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

6. Кәсіпорынның дербес теңгерімі, заңдарға сәйкес банкте шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және кәсіпорынның атауы жазылған бланкілері, мөрі болады.

7. Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

8. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, Кәсіпорынмен жасалған және Қазақстан Республикасының

заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті мемлекеттік немесе өзге де тіркелуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер тіркелген кезден бастап жасалған болып есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

9. Кәсіпорын қызметінің мәні мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін, арнайы оқу бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

10. Кәсіпорынның міндеттері:

1) мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау;

2) тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілер үшін оңтайлы жағдайлар жасау;

3) тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен қарым-қатынас жасау;

4) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әртүрлі санаттарының даму бұзушылықтарын түзетуді жүргізу, оларға білікті психологиялық-педагогикалық көмек көрсету;

5) тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулық сақтау мәселелері бойынша ата-аналарға консультациялық және әдістемелік көмек көрсету.

11. Кәсіпорынның қызметі Жарғыға, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік ережелеріне, Санитарлық ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

12. Кәсіпорын қызметінің мақсаты мектепке дейінгі тәрбие мен жалпы орта білім арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету арқылы білім беру процесін жүзеге асыру болып табылады.

13. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін Кәсіпорын мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) тәрбиеленушілер мен білім алушылардың денсаулығын сақтау және нығайту, дене және психикалық дамуы үшін оңтайлы жағдайлар жасау;

2) баланың жеке басын жан-жақты дамыту;

3) баланың дамуындағы кемшіліктерді түзетуде білікті көмек алу;

4) алғашқы (дәрігерге дейінгі) медициналық-санитариялық көмек көрсету;

5) балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау;

6) балалардың дене бітімінің дамуы үшін жағдай жасау, оның даралығын қалыптастыру, оны туған мәдениет көздеріне, ұлттық салт-дәстүрлерге қатыстыру;

7) азаматтыққа тәрбиелеу жеке тұлғаның халық, қоғам, мемлекет, отбасы алдындағы құқықтары мен міндеттерін ұғыну;

8) адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;

9) баланың рухани және физикалық мүмкіндіктерін ашу;

10) табиғатқа сүйіспеншілікке, табиғи ресурстарды пайдалануға ұқыпты қарауға тәрбиелеу, оларды табиғат қорғау қызметіне тарту;

11) баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара іс-әрекет жасау, балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулық сақтау мәселелері бойынша ата-аналарға консультациялық және әдістемелік көмек көрсету;

12) мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасы мен қол жетімділігін қамтамасыз етуге міндетті.

13) білім беру объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуы жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз етуге міндетті.

14) мемлекеттік қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге міндетті.

14. Кәсіпорынның білім беру қызметі жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен;

2) «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген 1 жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларымен;

3) Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген.

15. Кәсіпорындарды жабдықпен және жиһазбен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарактандыру нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.

16. Тәрбиеленушілерді Кәсіпорын ұйымдарға қабылдау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

17. Кәсіпорында ата-аналардың (заңды өкілдердің) мүдделерін ескере отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту қарастырылған.

18. Топтар бір жастағы немесе әртүрлі жастағы қағидат бойынша жинақталады.

Кәсіпорын топтарының толықтырылуы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

19. Кәсіпорынның жұмыс режимін халықтың білім беру қызметтеріне деген қажеттіліктеріне сүйене отырып, құрылтайшы белгілейді.

Тиісті саланың уәкілетті органы келісімі бойынша кәсіпорынның жекелеген топтарының толық күн (10.5-сағаттық болу), ұзартылған күн (13.5-сағаттық болу), қысқа мерзімді болу (күніне 3-тен 5 сағатқа дейін) және тәулік бойы болу режимінде жұмыс істеуі белгіленеді.

20. Кәсіпорын өз қызметін келесі кезеңдер бойынша ұйымдастырады:

1) 1 қыркүйектен 25 мамырға дейін – оқу жылы («Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген бағдарлама мазмұнын игеру кезеңі);

2) 1 маусымнан бастап 31 тамызға дейін – жазғы сауықтыру кезеңі;

3) мектеп жасына жеткен тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымнан шығару жыл сайын 1 тамызға дейін жүзеге асырылады;

4) тәрбиеленушілерді бір жас ерекшелік тобынан екіншісіне ауыстыру ағымдағы жылдың 1-31 тамыз аралығында тәрбиеленушінің толық жасқа толуын ескере отырып, ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне жүзеге асырылады.

21. Мектепалды даярлық сыныптарында оқу процесі ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап келесі жылдың 25 мамырына дейін жүзеге асырылады. Оқу жылы бойы демалыс белгіленеді.

22. Тәрбиеленушінің Кәсіпорында орны келесі жағдайда сақталады:

1) денсаулық сақтау, білім беру ұйымдарында және өзге де ұйымдарда тәрбиеленушінің ауруы, емделуі, сауықтырылуы, түзетілуі және оңалтылуы кезінде (көрсеткіш бойынша анықтама, қорытынды ұсынған кезде);

2) ата-анасының біреуінің немесе тәрбиеленушінің заңды өкілінің бір жылда екі айға дейінгі мерзімге демалысқа немесе тәрбиеленушінің сауықтырылуына жазбаша өтініші берілген кезде;

3) елді мекенде енгізілген төтенше жағдай (әлеуметтік, табиғи, техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар) кезінде.

23. Тәрбиеленушілерді Кәсіпорынан шығару мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) мектепке дейінгі ұйым мен тәрбиеленушінің ата-анасы немесе өзге де заңды өкілі арасындағы шарт талаптары бұзылған;

2) тәрбиеленуші дәлелсіз себептермен бір айдан астам уақыт болмаған кезде және әкімшілікті ескертусіз;

3) дәрігерлік-консультациялық комиссияның анықтамасы негізінде оның келуіне кедергі келтіретін медициналық қарсы көрсетілімдердің болуы.

24. Кәсіпорын мен заңды өкілдер арасындағы өзара қарым-қатынас баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде жасалатын шартпен реттеледі.

25. Тәрбиеленушінің, ата-аналардың және Кәсіпорын қызметкерлерінің ынтымақтастық қарым-қатынасы, білім беру процесіне қатысушыларды өзара

құрметтеу негізінде және тәрбиеленушіге жеке ерекшеліктеріне сәйкес даму еркіндігін беруді ескере отырып құрылады.

26. Кәсіпорынның педагогтары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын сақтаған жағдайда тәрбие-білім беру процесін ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын дербес таңдайды.

27. Кәсіпорын осы мектепке дейінгі ұйыммен қамтылмаған және қамтылған тәрбиеленушілер үшін жұмыс және демалыс күндері білім беру, сауықтыру сипатындағы қосымша ақылы қызметтер көрсетуге құқылы. Ақылы қызметтерден түскен қаражат мамандарға жалақы есептеуге, құрал-саймандарды сатып алуға, тиісті дамытушы ортаны құруға бағытталады.

28. Кәсіпорында балалары мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған ата-аналар үшін отбасы мен тәрбиеленушіні әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында консультациялық пункттер құрылуда.

29. Кәсіпорында басқару дара басшылық және алқалық басқару қағидаттарында құрылады. Алқалық басқару нысандары педагогикалық, әдістемелік, қамқоршылық кеңестер болып табылады.

30. Кәсіпорын 1,5 (бір жарым жастан) алты (жеті) жасқа дейінгі балалар үшін бүлдіршін және мектеп жасына дейінгі топтардың болуын көздейді.

31. Жас аралығы мен жас топтары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес анықталады.

32. Даму ерекшеліктері бар мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтік бейімдеу үшін кәсіпорында инклюзивті тәрбие және оқыту топтары жұмыс істейді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған инклюзивті топтарда психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі белгілейтін интеграцияның әртүрлі нұсқалары (аралас, уақытша, ішінара, толық) қолжетімді.

33. Кәсіпорынның штаттық кестесіне ЖАЕА бар балаларды, мүгедек балаларды тәрбиелеуді, оқытуды, дамытуды, қарауды, күтуді және сауықтыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың дене және (немесе) психикалық дамуында кемшіліктерді түзету үшін қажет болған жағдайда осы мақсаттарға құрылтайшының шешімі бойынша бөлінетін қаражат шегінде дефектолог-мұғалімдердің, логопед-мұғалімдердің, логопед-педагогтердің, педагог-психологтардың, әлеуметтік педагогтердің, тәрбиешілер мен басқа да қызметкерлердің (балалардың санатына қарай) қосымша лауазымдары енгізіледі.

34. Кәсіпорында кәсіпорын тәрбиеленушілерінің ата-аналары (заңды өкілдері), педагогикалық қызметкерлер және олардың өкілдері, Кәсіпорын білім беру қатынастарының қатысушылары болып табылады.

35. Кәсіпорын тәрбиеленушілеріне кепілдік беріледі:
-өмір мен денсаулықты қорғау;

- физикалық және психикалық зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінен, жеке тұлғаны қорлаудан қорғау;
- оның қадір-қасиетін қорғау;
- эмоциялық-тұлғалық қарым-қатынас қажеттілігін қанағаттандыру;
- физиологиялық қажеттіліктерді оның жасына және жеке даму ерекшеліктеріне сәйкес қанағаттандыру;
- оның шығармашылық қабілеті мен мүдделерін дамыту;
- қосымша (оның ішінде ақылы) білім беру және медициналық қызметтер алу;
- жабдықтар, ойындар, ойыншықтар, оқу құралдарын ұсыну.

36. Кәсіпорын тәрбиеленушілерінің ата-аналарының (заңды өкілдерінің) құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі.

Кәсіпорын ата-аналары мен өзге де заңды өкілдері құқылы:

- 1) баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру ұйымын таңдауға;
- 2) ата-аналар комитеттері арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- 3) білім беру ұйымдарынан өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға;
- 4) өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардан консультациялық көмек алуға;
- 5) балаларының шарттық негізде қосымша қызмет көрсетулер алуына.

37. Педагогикалық қызметкердің құқықтары.

Кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде педагог құқылы:

- 1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;
- 2) лауазымды адамдар және басқа да тұлғалар тарапынан заңсыз араласудан және кедергі келтіруден қорғалуға;
- 3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан кәсібіне құрметпен қаралуына;
- 4) кәсіптік қызметін жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуге және қажетті жағдайлардың жасалуына;
- 5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;
- 6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде шығармашылық бастамаға, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;

7) білім беру бағдарламасына сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің оқу құралдарын, материалдарын және өзге де құралдарын таңдауға;

8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, білім беру қызметінің әдістемелік материалдары мен өзге де құрауыштарын, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;

9) жұмыс орны бойынша сайланбалы лауазымға сайлануға және оны атқаруға;

10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;

11) білім беру ұйымын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;

12) бес жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыруға;

13) үздіксіз кәсіптік дамуға және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;

14) біліктілік санатының мерзімінен бұрын берілуіне;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогтік қызметке;

16) кәсіптік қызметіндегі табыстары үшін көтермеленуге;

17) «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіптік дағдыларын сақтап-тұру және арттыру үшін «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өтуге;

19) өзіне қатысты қабылданатын ұйым басшысының актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағым жасауға;

20) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрмет көрсетілуіне;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.

38. Педагог қызметкердің міндеттері.

Педагог:

1) өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерді меңгеруге;

2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогтік қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;

3) өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен кешікпей арттыруға (растауға);

4) педагогтік әдепті сақтауға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексерулерден өтуге;

6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

7) балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;

9) білім беру ұйымының басшылығына өмірлік қиын жағдайда жүрген баланың анықталу фактілері туралы дереу хабарлауға;

10) құқық қорғау органдарына және білім беру ұйымының басшылығына қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәмелетке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасалу, оның ішінде білім беру ұйымынан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған фактілер туралы дереу хабарлауға;

11) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне консультация беруге міндетті.

Педагог білім беру процесін саяси үгіттеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де сенім-нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алғуыздықты қоздыру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілік белгісі, дінге көзқарасы бойынша азаматтардың ерекшелігін, астамшылығын не кемшілігін насихаттайтын, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлыстарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері туралы анық емес мәліметтерді хабарлау арқылы үгіттеу үшін, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу үшін пайдалануға құқылы емес.

39. Кәсіпорынның осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға құқығы жоқ.

40. Кәсіпорын террористік әрекеттің алдын алу, сондай-ақ объектіні терроризмге қарсы қорғау және қауіпсіздіктің тиісті деңгейін сақтау мақсатында тиісті өткізу режимін қамтамасыз етеді.

4. Кәсіпорынды басқару

41. Ақмола облысының әкімдігі:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерту және толықтыру енгізеді;

3) коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

4) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

5) өзіне осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

42. Тиісті саланың уәкілетті органы:

1) Кәсіпорын бюджетінен қаржыландырылатын қызметтің басым бағыттарын және жұмыстардың (қызметтердің) міндетті көлемдерін айқындайды;

2) Кәсіпорынның даму жоспарларын және олардың орындалуы бойынша есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорын мүлкінің сақталуын және пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етеді;

5) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

6) Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының жыл сайын мөлшерін белгілейді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді шешеді.

43. Кәсіпорынды тікелей басқаруды және басқаруды басшы жүзеге асырады.

44. Басшыны тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.

45. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның басшысымен еңбек шартын жасасу арқылы еңбек қатынастарын ресімдейді.

46. Кәсіпорынның басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін дербес шешеді.

47. Басшы:

1) Кәсіпорын атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда ұсынады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекте Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

- 5) банк шоттарың ашады;
- 6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 7) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорын жұмысшыларын жұмысқа қабылдайды және еңбек шартын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және оларға жаза қолданады;
- 8) тиісті саланың уәкілетті органына өз орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін кандидатуралар ұсынады;
- 9) өз орынбасарларының және Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;
- 10) дербес жауапкершілік тартады:
 - қаржы-шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сақталуына;
 - таза табыстың белгіленген бөлігін бюджетке уактылы аудармағанына;
 - кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды ұйымдастыруына;
- 11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

48. Кәсіпорынның басшысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдауға міндетті, ол үшін дербес жауапкершілікке тартылды.

49. Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оналту рәсімі қолданылған және Қазақстан Республикасының оналту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен уакытша, банкроттықты немесе оналтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару жөніндегі барлық өкілеттіктер тиісінше уакытша, банкроттықты немесе оналтуды басқарушыға өтеді.

5. Кәсіпорынның мүлкі

50. Кәсіпорын мүлкінің құны, оның теңгерімінде көрсетілетін активтері құрайды.

51. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлері арасында бөлуге болмайды.

52. Кәсіпорынның мүлкі:

- 1) оған меншік иесі берген мүліктен;
- 2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктен (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

53. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

54. Жедел басқарудағы құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

55. Жедел басқарудағы мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның жедел басқаруына түседі.

56. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке жедел басқару құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

57. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

58. Кәсіпорынның мүлкіне жедел басқару құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 144, 154, 162 - баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

59. Кәсіпорын осы Жарғының 57 - тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

60. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

6. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

61. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

62. Кәсіпорын таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

63. Кәсіпорын өзі өндірген өнімді және басқа материалдарды дербес өткізеді.

7. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

64. Кәсіпорынның жарғылық капиталы жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін меншік иесінен басқаруға алынған мүліктен қалыптастырылады.

8. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

65. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына және кәсіпорынның басшысы бекітетін және ұлттық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес басқару органымен келісілген есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

66. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

9. Кәсіпорынның жауапкершілігі

67. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Қазыналық кәсіпорынның ақшасы жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

68. Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қазыналық кәсіпорынның ақшасы жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

10. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

69. Кәсіпорын жұмыскерлерінің еңбекке ақы төлеу жүйесін «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен белгілейді.

11. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

70. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

71. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

12. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

72. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

73. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.

74. Таратылған Кәсіпорынның қаржы қаражаты, осы кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін, тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

13. Жарғыға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу тәртібі


75. Коммуналдық Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды Құрылтайшы енгізеді.

Басшы

Абдуллаев Н.Б.
Ч.А.Ө.

Толық
КОЛЫ

Утвержден
постановлением акимата
Акмолинской области
от 5 января 2021 года
№ А-1/2



УСТАВ
государственного коммунального казенного предприятия
«Детский сад № 5 «Еркетай» города Степногорск
при отделе образования по городу Степногорск
управления образования Акмолинской области»

1. Общие положения

1. Государственное коммунальное казенное предприятие «Детский сад № 5 «Еркетай» города Степногорск при отделе образования по городу Степногорск управления образования Акмолинской области» (далее - Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве оперативного управления.

2. Учредителем Предприятия является акимат Акмолинской области.

3. Органом, осуществляющим управление Предприятием является государственное учреждение «Отдел образования по городу Степногорск управления образования Акмолинской области» (далее - уполномоченный орган соответствующей отрасли).

4. Наименование Предприятия: Государственное коммунальное казенное предприятие «Детский сад № 5 «Еркетай» города Степногорск при отделе образования по городу Степногорск управления образования Акмолинской области».

5. Место нахождения Предприятия: индекс 021500, Республика Казахстан, Акмолинская область, город Степногорск, 6 микрорайон, здание № 5.

2. Юридический статус Предприятия

6. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством, бланки, печать с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Предприятия.

7. Предприятие не может создавать юридические лица, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

8. Гражданско-правовые сделки, заключенные Предприятием и подлежащие обязательной государственной или иной регистрации в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан, считаются совершенными с момента регистрации, если иное не предусмотрено законодательными актами Республики Казахстан.

3. Предмет и цели деятельности Предприятия

9. Предметом деятельности Предприятия является реализация общеобразовательных, специальных учебных программ дошкольного воспитания и обучения.

10. Задачами Предприятия являются:

- 1) охрана жизни и здоровья воспитанников дошкольного возраста;
